

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего» . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.392-396

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕХАНИЗМІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАУ

Орынбасаров Әуез

Еліміздің бас қаласын сапалы да қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру кезеңі басталған алғашқы жылдарда мақсат болып қойылған болатын. Астананың авторы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол кезеңнің өзінде-ақ Үкіметтің, ауыл шаруашылығы министрлігі мен қала әкімдігінің алдына «Астананың азық-түлік белдеуін құру» туралы кешенді міндет қойған болатын. Астана қаласының және Ақмола облысының әкімдіктері Мемлекет басшысының осы тапсырмасына байланысты бас қала төңірегінде орналасқан аудандардың қаланы ет, сүт, жұмыртқа және көкөніс өнімдерімен толық қамтамасыз етіп тұруы жөнінде өзара тиімді келісім жасап, арнаулы құжаттарға қол қойды.

Елбасы 2008 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы стратегиялық тапсырмаларды күн тәртібіне қойды. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігі «2010-2014 жылдарда Астана қаласының төңірегінде азық-түлік белдеуін құру жөніндегі бағдарлама» белгіледі. Міне, осы шаралар барысында Целиноград ауданының «Родина АФ» ЖШС, «Ижевский» ӨК, Аршалы ауданының «Поиск» ЖШС, «Дастархан» ШҚ, Шортанды ауданының «Возрождение» ЖШС, Еңбекшілдер ауданының «Ақ бас» ЖШС және басқалар Астана қаласын барлық азық-түлік өнімдерімен, көкөністің барлық түрлерімен қамтамасыз ету туралы кешенді шаралар жасалды.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, бұл кешенді жұмыстарды іске асыруға жеткілікті және қомақты қаражат бөлінді. Мәселен, «ҚазАгроФинанс» АҚ тек 2008 және 2009 жылдары Астана қаласы азық-түлік белдеуін жасау шараларына 5,5 миллиард теңге қаржы бөлді. Бұл қаржыға Ақмола және Қарағанды облыс-тарының Астана қаласына жақын орналасқан аудандарында 12 ірі жобаны жүзеге асыру жоспарланды. Мәселен, Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданындағы «Қазгер Құс» ЖШС-ын қайта құруға 2,2 миллиард теңге, «Ақмола-Феникс» АҚ-да жұмыртқа өндіру өндірісін кеңейтуге 155 миллион теңге, ет өнімдерін қайта өңдейтін «Бай-Азат» ЖШС-на 600 миллион теңге, Қарағанды облысындағы «Тай» ЖШС-на 143 миллион теңге қаржы берілді [1].

Қаладағы миллиондаған қаржыға салынған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өнеркәсібі шикізат тапшылығы жеткіліксіз деп айтуға болады. Мәселен, Астана қаласындағы ет өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары толық қуатының 30 пайызы көлемінде ғана жұмыс істейді. Осы мәселені шешу барысында ет өнімдеріне айналысатын кәсіпорындарды одан әрі қолдап қалада өзін-өзі жетілдіретіндей жағдай жасау керек. Тіпті, Целиноград облысының шаруашылықтары өндіретін ет, сүт өнімдері, мыңдаған тонна картоп, қияр және басқа да көкөніс өнімдері Ресейге, оның ішінде Мәскеу қаласын қамтамасыз етуге жөнелтілетін.

Астана төңірегінде құрылған азық-түлік белдеуіне кіретін шаруашылықтардың өндірген өнімі бас қаламыздың сұранымын қанағаттандыруға толықтай күші жеткіліксіз. Қала тұрғындары сүт өнімдерінің жетімсіздігін ерекше сезінуде. Сүт өндіретін шаруашылықтар қаладағы қайта өңдеу өнеркәсіптерінің сұранымын мүлде қанағаттандыра алмайды. Сондықтан олардың басым бөлігі шеттен келетін сүт ұнтақтарымен жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Азық-түлік белдеуі аумағында өндірілетін ет шикізаты қаладағы шұжық шығаратын кәсіпорындарға жетпейді. Қаладағы

шұжық шығаратын кейбір кәсіпорындар шетелден әкелінетін шикізатпен жұмыс істеп тұр. Астана қаласындағы алдыңғы қатарлы мейрамханалар етпен жасалатын тәтті тағамдар үшін Бразилия және Аргентинадан ет өнімдерін алдырады. Бұл орайда асыл тұқымды мал етін өндіру жөніндегі қаланың өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтынын көруге болады [2: 48].

Астана қаласының көкөніске деген сұранысы еліміздің оңтүстік өңірлерінен және Қытайдан әкелінетін өнімдермен ғана қанағаттандырылып келе жатқаны жасырын емес. Азық-түлік белдеуіне кіретін қала маңындағы шаруашылықтардың өндiрген көкөнiсi сапасы да әлi жеткiлiксiз. Өсiмдiк майын шығаратын, жемiс-жидек өсiретiн фермерлiк шаруашылықтар санын ұлғайту туралы аз айтылып келе жатқан жоқ. Ауыл шаруашылығы министрлігі асыл тұқымды мал өсіреміз, Қазақстанда ет молшылығын жасап қана қоймай, Ресейге жылына 60 мың тонна ет экспорттаймыз деп мақсат қояда. Мемлекеттің миллиардтаған қаржысын жұмсап, мұхиттың арғы жағынан асыл тұқымды мал тасылуда. Осы орайда Астана қаласы тұрғындарының 2010-2015 жылдары санының өсуін есепке ала отырып негізгі азық-түлік тауарларын тұтыну болжамын көрсек (Кесте-1):

Кесте 1. Астана қаласы тұрғындарының 2010-2015 жылдары санының өсуін есепке ала отырып негізгі азық-түлік тауарларын тұтыну болжамы.

Өнімдердің атауы	Барлық тұрғындардың тұтыну болжамы, тонна						
	2009 жыл	2010жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Нан және нан өнімдері	55448,5	59572	65378,5	68642,7	71872,5	75369	78349,4
Ет және ет өнімдері	39698,3	42650,3	46808	49144,7	51457	53960,1	56094,2
Сүт және сүт өнімдері	199459,5	214291,5	235180	246922	258540,3	271117	281839
Балық және балық өнімдері	3440,5	3696,4	4056,7	4259,2	4460	4676,5	4861,5
Өсімдік майы	9489	10194,5	11188,2	11747	12300	12898	13408
Қант	20656	22192	24355,2	25571,2	26774,4	28077	29187,2
Шәй мен кофе	1052,2	1130,4	1240,6	1302,5	1364	1430,2	1486,7
Ас тұзы	3382,4	3634	3988,2	4187,3	4384,3	4597,6	4779,4
Тауық жұмыртқасы	7100	7628,5	8372,1	8790	9204	9651,4	10033,1
Картоп	88950	95564,3	104879,6	110116	115297,3	120906	125687,4
Пияз	12587,3	13523,3	14841,5	15582,5	16316	17109,3	17786
Орамжапырақ	12910	13870	15222	15982	16734	17548	18242
Сәбіз	13943	14980	16440	17260,6	18073	18952	19701,4
Қияр	9941	10680	11721	12306,1	12887	13512	14046,4
Қызанақ	19559	21013	23061,3	24212,8	25352	26585,2	27636,7
Алма	5487	5895	6469,4	6792,4	7112	7458	7753
Қызылша	3873	4161	4566,6	4795	5020,2	5264,4	5473

Мемлекет басшысы осыдан біраз жылдар бұрын базарларды делдалдардан тазартып, бағаны түсіру үшін және ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің өз өнімдерін тікелей тұтынушыға жеткізу үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында коммуналдық базарлар ашу жөнінде тапсырмалар берді. Бұл міндет те межеге жеткен жоқпыз, Астанада «Шапағат» бір ғана зәулім коммуналдық базар жұмыс істейді. Қалада бүгінде 28 жеке меншік базар жұмыс істеп тұр. Қазіргі уақытта нақты мәлімет бойынша Астана қаласы халқының етке қажеттілігін - 46 пайызға, сүт пен сүтөнімдеріне - 41 пайыз, жұмыртқаға -100 пайыз, картопқа 80 пайызқамтамасызетугемүмкіндікжасалатынболады деген тұжырымдама бар.

Қайта пысықталған қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету бағдарламасы шеңберінде жақын жерде орналасқан аудандардан азық-түлік өнімдерін жеткізу көлемін ұлғайту, импорт өнімдерінің көлемін азайту шаралары қазір Астана қаласында жалпы сыйымдылығы 21 мың тоннаны құрайтын 4 көкөніс сақтайтын қойма және сыйымдылығы 2400 тоннаны құрайтын азық-түлік сақтайтын терминал жұмыс істейді. Жақын арада жалпы сыйымдылығы 40 мың тонналық тағы бірнеше қойма салу жоспарланды. Елбасының тапсырмасымен құрылған «Астананың азық-түлік белдеуі» бағдарламасына сәйкес Ақмола облысының 17 ауданының және Қарағанды облысының 4 ауданының бас қаланың төңірегінен 300 шақырым қашықтықта орналасқан шаруашылықтарының шығаратын өнімдері қайта сараптаудан өткізілетін болады. Осы мәселеге байланысты «Нұр Отан» ХДП Астана филиалында жақында өткен мәжілісте қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов бұл кешенді проблеманы шешу үшін жалпы көлемі 1 миллиард теңге болатын тұрақтандыру қоры құрылатындығын атап көрсетті. Сонымен бірге қазіргі уақытта «Астананың азық-түлік белдеуі» бағдарламасын жандандыру мақсатында ауыл шаруашылығы министрлігінде және «ҚазАгро» холдингінде ауылшаруашылық өндірісі көлемін ұлғайтуға байланысты бірнеше инвестициялық жобалар қарастырылуда. Бас қаланың базарлары мен дүкен сөрелерін азық-түлік тауарларының молшылығына айналдыру мақсатында қазір Ақмола және Қарағанды облыстарында 38 инвестициялық жоба іске қосылмақ [5].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азық-түлік белдеуінің кәсіпорындарын дамыту мақсатында Астана қаласының ауыл шаруашылығы басқармасымен елорданың тұтыну нарығына Ақмола және Қарағанды облыстарының тауар өндірушілерімен ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу мәселесі қарқынды пысықталынады, осыған байланысты елорданың сауда орындары жеңілдіктерді жою және басқа да қосымша алымдар арқылы өнімдерді өткізу қамтамасыз етеді.

Бұлайша Ақмолаоблысының тауар өндірушілер үшін қаланың кейбір сауда орындарында ретробонустар және қосымша алымдарды жойылды, сәйкесінше жағдайлар тауар өндірушілердің үндеулерінің түсуіне қарай жедел іске асырылады.Қазіргіуақытта Ақмолаоблысының кәсіпорындарынан ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерін Астана қаласына жеткізу көлемі 20% ұлғайды.Астана қаласының әкімдігі және сауда ұйымдары арасында 2012 жылға «Астана қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына көтерме-бөлшекте өткізуді жүзеге асыратын, сауда ұйымдарымен сауда үстеме (үстеме баға) мөлшерін қолдану және анықтау туралы» Меморандум жасалынды, оның шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық – түлік тауарларына белгіленген сауда үстемесі қамтамасыз етіледі. Осы Меморандум шеңберінде әкімдік бағаның негізсіз жоғарлауына, сөз байласу деректерін болдырмауына, бағаның құрылуы процессімен, сауда ұйымдарында азық-түлік тауарларына белгіленген сауда үстемелеріне мониторинг жүргізу арқылы Меморандум шарттарын жүзеге асыру және бақылауды қамтамасыз етеді. Күн сайын әкімдіктің қызметкерлерімен қаланың 9 базарларының және 43 супермаркеттерінің бағаларына мониторинг жүргізіледі (70% тауар айналысы).

Сонымен қатар, елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шаралар толық көрсетілген және оларды жүзеге асыруға жауапты

тұлғалар анықталған, қала әкімдігінің Қаулысымен бекітілген Іс-шаралар жоспары іске асырылады.

Бұл іс-шаралар жоспары негізгі бағыттан тұрады:

1. қайта өңдейтін кәсіпорындардың өндірістік қуаттылықпен жүктелуін қамтамасыз ету;
2. азық-түлік өндірісімен қайта өңдеу саласында жаңа кәсіпорындардың құрылысы, көкөніс қоймаларының құрылысы;
3. тұрақтандыру қорының құру;
4. әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын реттеу;
5. сауданың коммуналдық сауда объектілердің желісін кеңейту;
6. санитарлы-ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
7. тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдау.

Ауыл шаруашылығының және азық-түліктің негізгі жағдайын дүниежүзілік жағдаймен қарастыруға болады. 2008-2010 жылдары дүниежүзілік ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығында қысқартылған немесе тұрақты үрдіс бар. Астық өндіру 3 елде және пайда көзі елдердің 47%-да 1961 жылмен 2010 жыл аралығын салыстырғанда тоқырау азайған, ал бұл елдер негізінен Африка, Оңтүстік Америка және Батыс Азияда орналасқан [5].

Қорыта айтқанда, «Астана қаласы азық-түлік белдеуін» қалыптастыруға мемлекет қоржынынан миллиондаған қаржы бөлінді, нақты бағдарламалар жасалынып, жан-жақты қолдау көрсетілді. Бірақ, Астана қаласының азық-түлік қорына сол азық-түлік белдеуінің қосқан үлесі қазіргі уақытта да жеткіліксіз. Бас қаланың базарлары мен дүкен сөрелері сол баяғысынша Қытайдың көкөнісі мен Ресейдің сүт ұнтағынан жасалған өнімдермен сауданы жүргізіп жатыр. Астананы азық-түлікпен толықтай қамтамасыз етуге әлі де болса нақты қадам жасап, жеткіліксіз кәсіпорындар мен қоймалар қатарын көбейту керек. Өзіміздің тауарларды халыққа молынан ұсынып, қала өзін-өзі тлықтай қамтамасыз ететін жағдайда болуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жылғы 1 бақпан.
2. Байдақов. А.Қ Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету факторлары // Экономика факультетінің 50 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік материалдары, 17-18 мамыр Астана, 2013. С. 19-23.
3. stat.gov.kz
4. Нұрғалиев Қ.Р. “Қазақстан экономикасы”. Алматы, 1999.
5. Yongbo Liu, Xubin Pan, Junsheng Li, Current Agricultural Practices Threaten Future Global Food Production. Accepted: 1 December 2014 / J Agric Environ Ethics (2015) 28:203–216 DOI 10.1007/s10806-014-9527-6